

Бекітемін:
ИП «Байғонусова»
«Al-Adil» бөбекжай-балабақшасы
Менгеруші:
Байғонусова З.Я.
«03» 2025 ж.



Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Тақырыбы: «Балалардың физикалық қасиеттерді дамыту дағдыларын қалыптастыру»

Әдіскер: Кулқаева Е.П

2025-2026 оқу жыл

№3 Педагогикалық кеңестің тақырыбы: «Балалардың физикалық қасиеттерді дамыту дағдыларын қалыптастыру»

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сай физикалық қасиеттерін (күш, ептілік, шапшандық, төзімділік, икемділік) дамыту жолдарын жетілдіру, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру. «»

Өткізілген күні: 03.02.2026ж

Өткізілген орны: музыка залы

Қатысқандар: 5 педагог

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп.
2. Баяндама: «Физикалық қасиеттерді дамыту дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнатудың тәрбиелік мәні».
3. Қимылды ойындар арқылы физикалық қасиеттерді дамыту:
 - таңғы жаттығулар мен сергіту сәттері;
 - эстафеталық ойындар үлгілері (тәжірибе алмасу).

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы әдіскер баяндады.

Баяндамада бекітілген тапсырмалардың орындалу деңгейі талданып, жүргізілген жұмыстардың нәтижелері айтылды.

2-мәселе бойынша:

«Физикалық қасиеттерді дамыту дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнатудың тәрбиелік мәні» тақырыбында тәрбиеші: Жумагелдиева Меруерт баяндама жасады.

Баяндамада балалардың күш, ептілік, шапшандық, төзімділік, икемділік қасиеттерін дамыту жолдары, ұлттық ойындардың тәрбиелік және дамытушылық маңызы атап өтілді. Ұлттық ойындарды тәрбие мен оқыту процесінде қолдану нәтижесінде: - Балалардың көңіл-күйі көтеріледі;

- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- қимыл белсенділіктері артады;
- қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады;
- ептілік, шыдамдылық, икемділік, мергендік т.б. қасиеттері қалыптасады;
- қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял т.б. танымдық қабілеттері дамиды, қол, саусақ бұлшық еттері жетіледі;

- Ұлттық ойын арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді;
 - көпшілік ортада өз өнерін көрсетуді, насихаттауды үйренеді;
 - ұйымшылдыққа үйренеді;
 - ата-аналар да ұлттық ойындардың бала денсаулығын нығайтудағы маңызымен танысады;
 - педагогтер, ата-аналар ұлттық ойындардың шығу тарихын зерттей отырып, бала денсаулығын сақтауда қолдану тәсілдерін меңгереді.
- Ойын баланың денесін, тұлғасын жетілдіріп, дамытып, қоймай, ақылойын, ұлттық рухын, сана-сезімін, намысында қалыптастыратын тәрбие құралы. Ойын ойнамаған бала әлжуаз, қорқақ, өз күшіне сенімсіз, бос кеуде, қиыншылыққа мойығыш болып өседі. Сондықтан ұлттық ойындарды салауатты өмір салтын қалыптастыруда баланың денсаулығы мен психологиялық саулығын жетілдірудің негізгі құралы ретінде қарастыру көзделді.

3-мәселе бойынша:

Қимылды ойындар арқылы физикалық қасиеттерді дамыту бойынша тәрбиеші: Валиулина Фариза өз тәжірибесімен бөлісті.

Таңғы жаттығулар, сергіту сәттері және эстафеталық ойындардың үлгілері көрсетіліп, педагогтар арасында тәжірибе алмасу жүргізілді.

Қимылды ойындар (жүгіру, секіру, доп ойындары) балалардың күшін, жылдамдығын, ептілігін, төзімділігін және үйлесімділігін (координация) арттырудың ең тиімді құралы. Олар бұлшықет пен сүйек жүйесін нығайтып, дене мүшелерінің дұрыс қалыптасуына, жүрек-қан тамырларының жақсаруына және кеңістікті бағдарлау қабілетінің дамуына тікелей ықпал етеді.

Қимылды ойындар арқылы дамитын негізгі физикалық қасиеттер мен механизмдер:

Күш және төзімділік: Еңбектеу, секіру, заттарды лақтыру және көтеру арқылы барлық бұлшықет топтары нығайып, дене мүшелері үйлесімді дамиды.

Жылдамдық пен ептілік: Қашып-қуу, «қойып кету» (салынып қалу) сияқты ойындар реакция жылдамдығын арттырып, қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Координация және тепе-теңдік: Заттармен (доп, секіртпе) жаттығулар, ережеге негізделген ойындар қозғалыстарды үйлестіруді және дене тепе-теңдігін сақтауды үйретеді.

Жалпы физикалық денсаулық: Белсенді қозғалыстар қан айналымын жақсартады, жүрек соғуын қалыпқа келтіреді және артериялық қысымды тұрақтандырады.

Ойындардың түрлеріне қарай (сюжеттік, ұжымдық) физикалық белсенділікпен қатар, балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуы да жүзеге асады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ІЛЕ АУДАНЫ
БАЙКЕНТ АУЫЛЫ
ЖК «Байгонусова З.Я.» «Al-Adil»
бөбекжай - балабақшасы



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ИЛИЙСКИЙ РАЙОН
СЕЛО БАЙКЕНТ
ИП «Байгонусова З.Я.»
Ясли-сад «Al-Adil»

№ 3 Педагогикалық кеңесте
қабылданды
« 03 » 02 2026 жыл

Бекітілді
БҰЙРЫҚ № 3

№3 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай физикалық қасиеттерін дамыту жұмыстары оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде жүргізілсін.
Қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен қолдану ұсынылсын.
3. Қимылды және эстафеталық ойындарды таңғы жаттығулар мен сергіту сәттерінде тұрақты қолдану қамтамасыз етілсін.
Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
4. Аралық мониторинг нәтижелері негізінде физикалық даму көрсеткіштері төмен балалармен жеке жұмыс ұйымдастырылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгерушіге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Байгонусова З.Я

